МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC
# Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
www.mmg.kz
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№05 (80), маусым, 2016 жыл

50 жыл ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ

# ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ЕҢБЕК ВАХТАСЫ



**«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Жетібай кенорнында мұнай көзі ашылған тарихи оқиғаға 55 жыл толуына және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығына арналған мерекелік шараға әзірлік жұмыстарын бастап кетті. Біздің тілшіміз тарихи оқиғаларға байланысты атқарылатын жұмыстар, шаралардың ауқымы туралы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Жолдасбек Ешмановпен сұхбаттасқан болатын:**

Маңғыстау өмірбаянының жаңа, жарқын беттерін ашқан бұл ұлы оқиғалар маңғыстаулықтар үшін, соның ішінде өлкедегі мұнай өндірісінің қарашаңырағы саналатын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін үлкен маңызға ие. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы қайнар көзін ашып, халықтың қажетіне жаратқан «қара алтынның» арқасында Маңғыстау өлкесі Маңғыстау болып шалықтауда, Қазақстан мұнайы халықаралық дәрежеде танылып, бүкіл әлемге даңқы жайылды. Мұның бәрі – бұрынғы шетте жатқан шөлейт өлкенің атағын аспандатып, шырқау биік шыңға көтерген «Маңғыстаумұнайгаздың» майталмандары ашып, өндірген қазақ мұнайының арқасы. Сондықтан да қос мерекенің жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылуы - басты назарда.

Жуырда осы мәселе бойынша компания басшылығы, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі еңбек ардагерлерінің басын қосып, кеңес өткізді. Кеңесте «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы бас директорының әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Ж.Төлегожаев мерекенің өткізілу тұжырымдамасын ақсақалдар алқасына салды. Сөз алған ардагерлер мұнай өндірісіне еңбек сіңірген мұнайшылардың аты елеусіз қалмауын, марапатталу, қамқорлық шараларының алынуын, еңбек даңқы мұзейінің ашылу қажеттігіне ерекше тоқталды. Сондай-ақ, Жетібай кенорнының еліміздің экономикалық дамуында алатын орны, мұнай саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысындағы роліне баса мән берілуі тиістігі ұсынылды.

Бүгінгі таңда кеңесте айтылған ой-пікірлерді ескере отырып, аталмыш тарихи оқиғаны жоғары дәрежеде өткізу бағытындағы іс-шаралар жоспары жасақталды. Түрлі саланы қамтитын мерекенің іс-шаралар жоспары 29 мамыр күні мерекені ұйымдастыру жөніндегі штабтың алғашқы отырысында талқыланып, бекітілді.

Жоспарға сәйкес атаулы мереке қыркүйек айында мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орайластырылды. Ақтау қаласында, №6 ұңғы басында, сондай-ақ кенорындарында салтанатты жиындар, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылмақ. Бүгінгі таңдағы атқарылатын істердің ең маңыздысы – кенорнының алғашқы күндерінен бастап, барлық кезеңдерде жұмыс жасаған жетібайлық мұнайшыларды мерекеге толықтай қатыстыру. Әсіресе, алғашқы мұнай бұрқағын атқан бригада мүшелері, 50 жыл бойы өндіріс басқарған басшылар, қызмет көрсету саласының мамандарын іздестіру, шақыру бағытында тізім жасақталуда. Ешкім де бұл тарихи оқиғадан ұмыт қалмауы тиіс. Сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі марапатқа ұсыну шараларын алудамыз.

Ал мәдени-көпшілік шараларына жас мұнайшылар кеңінен тартылуы қажет. Бұл - ұрпақтар сабақтастығының, жарты ғасыр бойғы қалыптасқан еңбек және ерлік дәстүріне адалдықтың айғағы болмақ. Жыл басынан бері жетібайлық жас мамандар Кеңесі бастамасымен көптеген тәрбиелік салмағы бар шаралар өтуде және жыл бойына жалғаса бермек. Жоспарда Маңғыстаудың тарихи-мәдени орындарымен танысуды көздейтін «Өлкетану» жобасы, «брейн-ринг» зерде сайысы, сенбіліктер, әртүрлі жағдайларға душар болған жандарды қамқорлайтын «Донор-50» акциясы, «Сәттілік формуласы», «Мұнай тарихы - жас суретшінің көзімен», «FLASH MOB», кенорындары жұмысшыларының көңілін көтеретін «Домбыра пати» кештері, абаттандыру, жүрмелі көрме, «Алау» балаларды сауықтыру орталығына мұжәлсіз отбасы балаларын жіберу, «Пресс-тур» ұйымдастыру, жас мамандарға жазғы ағарту лагері, спартакиада секілді түрлі шаралар бар.

Мұнан басқа тарихи мұрағатты қамтитын документалды фильм, кітапша, арнаулы хабарлар түсірілімі арқылы республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек даңқы, майталман мұнайшылар тұрақты насихатталмақ.

«Тойдың болғанынан, болары қызық» - деген осы. Айтулы мереке қарсаңында барша әріптестерге көтеріңкі көңіл күй, ортақ шаруада ынтымақ пен бірлік тілеймін.

**Сұхбаттасқан: Л.Жолдыбаева**

# «Алау» қызығы басталды

**Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз, - деп оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерьлерге баруға асығады. Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз.**

...Айдыны керілген теңіз жағалауы таңертеңнен алакүбің. Күн шапағы біресе алабұлтты аспанға жасырынса, біресе молынан шапағын шашып көңілді ерекше сезімге бөлейді. Теңізден соққан қоңырсалқын самалға тербелген раушан гүлдерінің хош иісіне еріксіз елтисің. Маңайдың бәрі қызылды-жасыл бояуға толы. «Алау» бүгін ажарлы, келбеті келісті. Қыздай құлпырған. Жаз жайлауға жаңа келіп тігіліп жатқан ауылдай сәні-салтанатымен қонған лагерь ғимараттары да, олардың әрқайсысының жанындағы топтасқан балалар да, балдырғандардың хормен тақпақтатып жатқан дауыстары да «Алау» қызығының басталғанынан хабар беріп жатты.



Міне, әп-сәтте сапқа тізілген алаулықтар алаңды толтырып, сайқымазақтардың көңілді дауысымен мереке де басталып кетті. Күншуақ түстес сап-сары жейде киген бір тектес бүлдіршіндер команда-команда болып, топтарының аттарын, өздерінің ұрандарын саңқылдатуда. Бір бірінен іліп алып, ынташынталарымен бірлік, достықты ту еткен жігерлі дауыстарды теңіз самалы шалқар айдынға қарай қалықтатып барады...

Маусым айының 3-жұлдызында «Алау» балаларды сауықтыру лагері алғашқы бүлдіршіндерін қабылдап, бірінші ауысымның ашылу салтанаты осылай басталды. Мемлекеттік әнұранды көк аспанға шалқытқан бүлдіршіндер лагерь туын биікке желбіретті.

Салтанатты жиынды ашу үшін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Б.Иманбаев, бас директордың бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов мінбеге көтерілді.

- Құрметті бүлдіршіндер, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі - мұнайшы балаларының жазғы демалысын жоғары деңгейде ұйымдастыру. Биыл «Алау» демалыс лагерінде екі мыңға тарта бала демалмақ. Сіздерге көңілді демалыс, жаңа достар, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін, - деді Бақыт Алтайұлы құттықтау сөзінде.

- Қоғамның, ата-анасының, олар еңбек ететін ұжымның ықыласына бөленіп өскен бала өз Отанын жанындай сүйетін, оған адал қызмет ететін азамат болып өседі. Сондықтан да біздің компания балалар үшін барлық жағдайды жасай бермек. Мейрам құтты болсын, - деп қазақ тілінде тілеген жеткізген Пэй Цзяньшэн, сондай-ақ, Т.Айдынов мырзалардың құттықтауларын балалар ду қошаметпен қарсы алды.

Биылғы маусымға дайындық жылдағыдан өзгеше. Лагерьде екінші жыл жұмыс жасап жатқан «Алау-Ақтау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі істің көзін білетін қожайындай көптеген шаруаны тындырған. Жаңа төсек орындары, асхана жабдықтары, медпункт жарағы, көгалдандыру үшін тартылған су құбыры, балалар шығармашылығы орталығы үшін тігіліп тасталған қос киіз үй осы жұмыстардың бір парасы. Арнасына толып тұрған тоғанды, жаңа үлгідегі футбол алаңын көріп көз қуанды. Таңның атысы кештің батысы ала доп қуалап өскен ауыл баласына бұл бір баға жетпес сый құды.

- «Алау» балаларды сауықтыру лагерінде бір кезекте 260 бала демалады. 18-тамызға дейін барлығы бес кезек өткізілмек. Жаз бойы лагерьде танымдық, ойын-сауық, спорттық шаралармен қатар Ақтау қаласына саяхат, қаладағы кинотеатрлар, «Мадагаскар» ойын алаңындағы аттракциондарға, Қаракөлге, түйеқұс шаруашылығына, теңіз портына апару көзделген. Биылғы жылдың жаңалығы – Маңғыстаудың тарихи орындарына 12 сағаттық экскурсия ұйымдастырылады. Жалпы, мұнда демалысты қызықты өткізуге барлық жағдай жасалған. Барлығы кесте бойынша жүзеге асады. Тіпті, балалар үйлеріне қайтар сәтте лагерь мен жаңа достарын қимай, көздеріне жас алып қоштасатынына куәміз, - дейді лагерьдің директоры Татьяна Александровна Рожкова.

Айтса айтқандай, балалардың алғашқы үш күннің ішінде лагерьге бауыр басып қалғандығы көрініп тұр:

**Рысжан Раева** - мен Жетібай кентінен келдім. «Алау» лагеріне алғашқы келуім. Лагерь тамаша. Мұнда әр түрлі іс-шаралар, жарыстар басталды. Бәріне де қатысқым келеді. Жан-жақтан келген құрбыларыммен танысып, лагерьдегі күндерімізді қызықты бастап жатырмын.

**Мейрамбек Қоджаберген** – бүгінгі күн өте ерекше. Мен де Жетібайданмын. Теңіз де, лагерь де, тәрбиешілер де өте ұнады. Мұнда өте көңілді, әлі де қызықты болады деп ойлаймын. Ұйымдастырушыларға көп рахмет.

Осы маусымдағы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қолға алған игі ісі - қайырымдылық мақсатында Жетібай, Мұнайшы елді мекендерінің әлеуметтік аз қамтылған отбасыларынан 40 балаға тегін жолдама берілді.

... Салтанатты жиын мерекелік концертке ұласты. Өнерлілері мың бұрала би билеп, әуелете ән салған демалушылардың қуаныштарында шек жоқ. Топ-топ болып сайысқа түскен достарына жанкүйер балалардың делебесі қозып, қолдаған дауыстардан құлақ тұнғандай. Төңірекке көз тастаған сайын алқызыл раушан гүлдері, айдарынан ескен самал жел көңілдің жайлауын кеңите түскендей ерекше бір сезім. Көк майсаға әндетіп отыра кеткің келеді, не болмаса анадайдан толқыны толассыз соққан теңіздің жағасына жеткің келеді. Балдырғандардың бал-бұл жанған жүздеріне қарап, бақытты болашақ баспалдағында тұрғанына шүкір дегендейсің.

*Ішкі коммуникация*

# БАСҚАРМАНЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА

Басшылық пен еңбек ұжымы арасында «кері байланыс» жүйесін дамытуға, жұмыс берушілер мен қызметкерлер және кәсіподақтар арасында өзара түсіністіктегі диалог орнатуға бағытталған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі коммуникациялары ережесіне сәйкес компаниямызда 2015 жылдың 4-ші тоқсанынан бері әр тоқсан сайын желілік басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері өткізілуде. Үстіміздегі жылдың 2-ші тоқсанына бекітілген кесте бойынша осындай қырық кездесу өткізу көзделген.

Осылардың бірі, 2016 жылдың 26 мамырында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында өткен кешенді мұнай дайындау және өткізу цехының бастығы Әбужан Қызыловтың еңбек ұжымымен кезекті кездесуі.



Ұжымның елу мүшесі қатысқан бұл жиынның күн тәртібіне сәйкес, цех бастығы 2016 жылдың 1-ші тоқсанында цех қызметкерлерінің қойған сұрақтарының орындалу барысы бойынша есеп беріп, құрылымдық бөлімшенің алдында келесі тоқсанға қойылған міндеттер туралы баяндама жасады. Сонан соң цех еңбеккерлерінің сұрақтары тыңдалды. Кездесуде сөз алған мұнайшылар Феруза Жетесинова мен Ажар Саймовалардың сұрақтары ауысымдық поселке жатақханаларындағы тұрмыстық жағдайға бағытталған болса, ұжым мүшесі Қасым Қалауов жеке қорғану құралдары санатына жататын қолғаптардың уақытылы беріліп тұруын сұрады. Цех бастығы Әбужан Қызылов кездесуде қойылған сұрақтардың іс-шаралар жоспарына енгізілетінін айтып, тиісті шешім қабылдау үшін компания басшылығына жолданатынын жеткізді.

Жалпы кәсіпорын бойынша желілік басшылардың еңбек ұжымдарымен кездесулерінде қойылып жатқан сұрақтардың дені әркилы. Қызметкерлеріміз таза өндірістік мәселелерге қоса мұнайшыларды тасымалдау, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, тамақтандыру сапасы, жалақы мен қосымша төлемдер туралы, кәсіби біліктілігін көтеру және қызметін жоғарылату, интернеттік жүйеге қосылу, мобильді байланысты жақсарту, жұмыс орындарындағы, жатақханалардағы тұрмыстық мәселелерге байланысты өтініштерін айтып, ой-пікірлерімен бөлісуде.

Компания ішкі коммуникациялары ережесіне сәйкес, әрбір кездесуде қойылған қызметкерлердің орынды сұрақтары, өтініштері мен ой-пікірлері компания жұртшылықпен байланыс департаментінің арнайы іс-жоспарына енгізіліп, орындауға нақты жауаптылар белгіленіп, акционерлік қоғам басқармасының қатаң бақылауына алынады және мәселе шешілгенше жоспардан шығарылмайды.

Акционерлік қоғамымыздағы әлеуметтік ахуал мұнайшылар арасындағы бірлік пен ынтымақты жоғарылату мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға мұнайшылардың лауазымы мен мамандығына қарамастан белсенді қатысулары қажет-ақ, себебі бұл біздің ортақ міндетіміз. Осындай шаралар, компания басшылығына ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатын бақылай отырып тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді және сол арқылы компаниямыздың әрі қарай сенімді дамуына оң әсерін тигізеді.

## "КӨГІЛДІР" ОТЫН - ӨНДІРІСТЕ

Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде 4 миллионнан астам автокөлік бар. Солардың тек аз ғана бөлігі газ отынымен жүреді. Ал, Европа елдерінде автокөліктерді көгілдір отынға ауыстыру өткен ғасырдың 60 жылдарында-ақ қолға алына бастады. Алғашқы болып бұл тәжірибені Италия мемлекеті қолданған.



Қазіргі таңда «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның стратегиялық бағдарламасына сәйкес, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қызмет көрсететін мекемелердің («ОТК» ЖШС, «ОКК» ЖШС, «МЭМ» ЖШС, «МТК» ЖШС және т.б.) автокөліктеріне газ жабдықтары орналастырылып, олар сұйытылған газ отынына көшірілді. Сонымен қатар, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік департаменті автокөлік паркінің 138 автокөлігіне газ жабдықтарын орналастыру процесі жүріп жатыр.

Сұйытылған газ отыны және оның автокөлік саласындағы тиімділігі қандай деген сауалға тоқталсақ, біріншіден, сұйытылған газ отынының бензинге қарағанда арзан болуы қаражатты айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Көлік департаментінің автокөліктеріне жүргізілген салыстырмалы сараптаманың нәтижесі бензиннен сұйытылған газ отынына көшкен жағдайда компанияға бір жылда 75 000 000 теңгеден астам экономикалық пайда әкелетіндігін көрсетіп отыр.

Екіншіден, сұйытылған газ отынымен жүретін автокөліктердің қозғалтқыштарынан бөлінетін, атмосфераға тарайтын зиянды заттардың (көміртегі және т.б.) мөлшерінің төмен болуы өлкеміздің экологиялық жағдайының жақсаруына да септігін тигізеді.

Сондай-ақ, сұйытылған газ отыны автокөлік қозғалтқыштарының мотор ресурсын 2 есе ұлғайтады. Себебі, газ отыны цилиндрлердегі және поршенді сақиналардағы майларды бензин сияқты еритіп әкетпейді және олардағы күйе құрылымы аз болады; мотор майының шығынын үнемдейді; от алдыру жүйесінің жұмысы жақсарады; свечтердің қызмет ету мерзімі 30-40 пайызға, сонымен қатар мотор майын ауыстыру мерзімі ұлғаяды.

Экологиялық таза және экономикалық тиімді газ отынын пайдалану - Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес келеді. Бұл жоба, ең алдымен, Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық күш-қуатын арттыруға бағытталған іс-шаралардың бірі.

**Аскар Икаев,**
**Көлік департаменті автопаркінің бастығы**

*Новые технологии*

# КАЧЕСТВО ВЫШЕ, ЭНЕРГОЗАТРАТ МЕНЬШЕ!

**В структурных подразделениях АО «Мангистаумунайгаз» продолжаются работы по внедрению и дальнейшей эффективной эксплуатации новых технологий. В рамках опытно-промышленных испытаний на месторождении Жетыбай (БКНС-Южный Жетыбай) введен в эксплуатацию горизонтальный насосный комплекс ГНК7А-550-900 производства ООО «ТатОйлПром».**



По словам директора Департамента новых технологий Руслана Бимагамбетова, данные ГНК выносливы и неприхотливы, обладают свойством «самонастройки» на оптимальный режим эксплуатации.

- Алгоритм управления ГНК позволяет автоматически поддерживать точно заданный объем суточной закачки жидкости, при этом остальные технологические параметры процесса подстраиваются автоматически и не выходят за пределы «разрешенной рабочей зоны». Кроме того, благодаря режиму КЦЭС (кратковременная циклическая эксплуатация скважин), мы осуществляем независимое друг от друга управление такими параметрами закачки как «напор» и «производительность» - отмечает Руслан Бимагамбетов.

В ходе испытаний насосного комплекса производились работы по подбору и оптимизации режимов путем изменения частоты сети питания электродвигателя от 50 герц до 60, что позволяло изменять производительность и напор ГНК.

После анализа и обработки всех данных было принято решение оставить режим работы насосного комплекса на частоте 60 Гц, что позволяет полностью обеспечивать перекачку необходимого объема жидкости при минимальном энергопотреблении. До ввода в эксплуатацию ГНК 7А-550-900 на месторождении «Жетыбай» эксплуатировался насос ЦНС 180-1422 с электродвигателем 1250 кВт и с энергопотреблением 940кВт.

Горизонтальный насосный комплекс ГНК 7А-550-900 эксплуатируется с электродвигателем 160 кВт, при этом потребление электроэнергии составляет 140 кВт. Таким образом, ввод в эксплуатацию нового горизонтального комплекса ГНК 7А-550-900 позволяет серьезно сократить потребление энергоресурсов и оптимизировать производственный процесс.

# БЕСПРОВОДНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ КАЛАМКАС

**В 2014 году руководством АО «Мангистаумунайгаз» перед ДАИТиС была поставлена задача - объединить в единую компьютерную сеть отдаленные производственные объекты (Базовые групповые, БКНС и т.д.) для обеспечения мастерам цехов возможности доступа в онлайновом режиме к производственным базам данных, разработанным ДАИТиС.**





Указанные работы были выполнены с помощью, доступных на тот момент, кабельных ADSL – каналов ТОО Мунайтелеком, однако они обладали небольшой пропускной способностью, поэтому в рамках модернизации компьютерной сети необходимо было выполнить работы по подбору альтернативных каналов связи на замену проводным DSL-коммуникациям, которые эксплуатируются свыше 30 лет.

В рамках решения данной задачи специалистами ДАИТиС совместно с ТОО «Мунайтелеком» проведены пробные испытания с применением беспроводного сетевого оборудования фирмы Ubiquiti Networks по технологии Wi-Fi.

В результате проведенных в 2014 году испытаний, с помощью указанных беспроводных устройств скорость канала передачи данных была увеличена в 20 раз до 46 Мб/с, поэтому было разработано и принято техническое решение об использовании оборудования фирмы Ubiquiti Networks на месторождении Каламкас.

В 2015 году, с появлением потребности в видеомониторинге буровых и ремонтных работ, выполняемых подрядчиками на скважинах АО Мангистаумунайгаз, специалисты ДАИТиС принялись воплощать в жизнь еще более амбициозный проект - покрытие месторождений скоростной беспроводной сетью передачи данных.

Было принято решение расширить зону покрытия беспроводной сети путем объединения в единую сеть центральной мачты связи ТОО МТК и ГУ18, ГУ-61 с помощью магистральных радиомостов с пропускной способностью до 600 Мб/с для дальнейшего подключения к магистрали точек радиодоступа передвижных бригад бурения, бригад КРС и ПРС, передающих видеоинформацию с камер видеонаблюдения в режиме реального времени в единый Ситуационный центр сбора и обработки оперативных данных, на месторождениях Каламкас, Жетыбай и в г. Актау.

В январе-апреле 2016года, эти работы были выполнены, что позволило получать видеоинформацию с бригад КРС и ПРС по сети и архивировать её в отделе бурения Производственного управления «Каламкасмунайгаз».

В ближайшей перспективе с учетом приобретенного опыта планируется оснащение беспроводными каналами связи объекты ПУ «Жетыбаймунайгаз» на месторождениях Жетыбай и Асар.

По словам руководителя группы технического сервиса отдела компьютерных сетей и коммуникаций ДАИТиС Рината Ибрашева, у данной технологии немало плюсов – это прием и передача в реальном времени контролирующей и управляющей информации для производственных объектов; повышение уровня контроля окружающей среды, охраны труда, обеспечение промышленной и пожарной безопасности работ; возможность подключения в компьютерную сеть передвижных установок и многое другое.

С учетом больших возможностей по скорости передачи данных и покрытию территории месторождений, данная технология дает возможность концентрировать в центральных базах данных больше информации о производственных объектах, что позволит улучшить контроль и управление процессами нефтедобычи в АО «Мангистаумунайгаз».

*1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні*

# ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ БІР КҮН




Жазтоқсанның алғашқы күнін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандары қайырымдылық-қамқорлық шараларымен қарсы алып, 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қарақия ауданы Жетібай кентіндегі бірнеше балалар нысанын аралады. Шара «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырылған «50 игі шара» акциясының шеңберінде орын алып отыр.

Қамқорлықты жалау еткен жас мұнайшылардың ат басын тіреген алғашқы орны Жетібай стансасындағы №5 орта мектебі болды. Мерекеге орай мектеп ұжымының ұйымдастырған концерттік бағдарламасына дөп түскен жас мамандар осы мектепте тәлім алып, аудан, облыс көлемінде елеулі жетістікке жетіп жүрген қыз балалар волейбол командасына демеушілік жасап, командалық киімді сыйға тартты. Көптен көңілдерінде жүрген мұқтаждықтарының қанағаттандырылғанына дән риза болған балдырған спортшылар қуаныштарын жасыра алмай, алғыстарын жаудырып, мұнайшылардың сыйлығы жігерлеріне жігер қосып, жеңіске деген құлшыныстарын арттыра түскенін айтып жатты.

Жас мамандардың тоқтаған кезекті нысаны - Өскенбай Қалманбетұлы атындағы Жетібай балалар өнер мектебі болды. Бұл жерде жас мұнайшылар жас музыканттар, суретшілер және «Аула клубы» мүшелерімен кездесті. Айта кету керек, бұл мектеп «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік әріптестік жобасына сәйкес компания қаражатына салынған әлеуметтік нысан. Өнер мектебі 2011 жылы компанияның Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына орай Жетібай кенті тұрғындарына жасаған тартуы. Бұл ауылдағы тұңғыш өнер мектебі. Бүгінде жүйелі жұмыс жасап, 250-ден астам баланы сан түрлі өнерге баулуда. Мұнайшы отбасынан шыққан бүлдіршін өнерпаздар аз ғана уақыт ішінде республикалық, халықаралық сахнаны бағындырып үлгергенін естіп марқайып қалдық.

Бұл жерге де мұнайшы жастар құр қол келмеді. Мектеп шәкірттерінің дайындаған шағын концерттік бағдарламасын тамашалап болған соң компания басшылығы атынан сөз алған жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, жас мамандар




Кеңесінің кураторы М.Ғұмарова жиналған қауымды мерекемен құттықтап, балғын дарындарға сыйлықтар табыстады. Мектептің аудандық, облыстық, республикалық додаларда топ жарып жүрген қырықтан астам шәкірті қызығушылықтарына қарай әртүрлі сыйлықтарға ие болды. Солардың бірі, сапалы қарындаштар жиынтығы мен арнайы сурет қағаздары топтамасына және суретші керек-жарағын тасымалдайтын футлярға ие болған бейнелеу өнеріне машықтанып жүрген 13 жасар Алдияр Аида: «Мен өзім мұнайшылар жанұясынанмын. Әкем «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында қызмет етеді. Әкемнің мекемесі бізге осылай көңіл бөліп жатырғанына өте қуаныштымын. Бұл – мен үшін үлкен мақтаныш!», - деп қуанышымен бөлісіп жатты.

Сондай-ақ мектеп шәкірттеріне мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында дарынды мұнайшы өнерпаздар балаларды өздерінің шығармашылығымен таныстырып, өлеңдерін оқып, күй тартып, ән шырқады. Нағыз бала думан мектептің фоэсінде қайнап жатты. Ақтау қаласынан аға-апалары алып келген қант жасаушы машинаның жанында үлестірілген қант-мақтасы да, аквагрим-суретшілерге қолдарына қынамен салдырған сан қиялдағы суреттер де сәбиге ғана емес, оларды жетелеп жүрген әжелері мен ата-аналарына да ерекше қуаныш сыйлағанына куә болдық. Концерт залынан шығып жатқан сабын көпіршіктерінің шоуына қатысқан балалардың күміс күлкілері де сондай! Қуантсаң баланы қуант деген сол.

Балғындарды өнерге баулып жүрген мектеп ұжымы да бұл күні назардан тыс қалмады. Өнеріміз өшпесін деген тілекпен ұстаздардың игілігіне «Баба-сарын бабауы» атты Маңғыстау өнер шеберлерінің антологиясы сыйға тартылды. Жинаққа Маңғыстаулық авторлардың 150-ден астам жыр-термесі мен ән-күйлері, Мұрат Өскенбаев сынды күй өнері дүлдүлінің өзі орындаған архивтік үнжазбалар енген екен. Бұл ұлттық өнерге баулып жатқан мектеп үшін шексіз жәдігер.

Бұл күні мектептегі мерекеге Жетібай кентінде тұратын денсаулығы дімкәс балалар арнайы шақырылып, ойын-қызықтың ортасында болды. Жас мамандар ерекше көңілді қажет ететін осы балдырғандардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдарын сатып алып, балғындарды бір серпілтіп тастады.

Жас мамандар кеңесі мүшелерінің келесі аялдаған нысаны - Жетібай кентінің балалар және жасөспірімдер спорт мектебі болды. Бұл нысан да «Маңғыстаумұнайгаз» акцинерлік қоғамының оңтайлы әлеуметтік саясатының жемісі, 2012 жылы наурыз айында қолдануға берілген. Бүгінде спорт ошағында шағын футбол, үстел теннисі, каратэ және тағы басқа спорт түрлерінен 200-ден астам бала шынығуда. Дене тәрбиесі-сауықтыру кешені заманауи спорттық құралдармен толыққанды жабдықталған. Кешенге барудағы мақсатымыз - осы спорт ошағында шынығып жүрген «Қыран» балалар футбол командасымен жақынырақ танысып, мерекеге орай сый-сияпаттар табыс ету болатын.

Облыс деңгейінде балалар футболынан чемпиондық дәрежеге қол жеткізіп жүрген «қырандықтармен» таныстығымыз «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының футбол құрама командасымен өткен жолдастық кездесуден басталды. «Күш атасын танымас» демекші, кішкентай футболшылар намысты қолдан бермеуге тырысып, барын салып жатты. Бірде жылдамдыққа сүйеніп, бірде айлаға салып қарсыластың қақпасына екі доп жүгірте білді. Нәтижесінде шеберліктері санасуға тұрарлық екен деп аға буыннан мақтау естіп, талай азулы қарсыластың қақпасын допқа қарық қылған тәжірибелі команданың батасын алды. Кездесу соңында, жеңіске деген жігерімен көпшілікті риза еткен «Қыран» балдырған футболшылар командасының 12 мүшесі «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесі атынан команда аты жазылған футбол формасына, рюкзак сөмкеге және кәсіби былғары доптарға ие болды.

Шәкірттеріне табысталған сыйға ризашылығын білдірген спорт ошағының меңгерушісі Қайрат Бекболаев: «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесіне бүгін балаларға жасап жатырған құрметі үшін ерекше алғысымды білдіремін. Балалар біздің болашағымыз, бақытымыз. Сол себепті бүгінгідей шаралар жиірек болып тұрса екен деген тілегім бар. Салауатты, саламатты қоғам қалыптастыру ісіне салғырттықпен қарауға болмайды. Бүгін балаға жасаған жақсылығымыздың шапағаты ертеңгі күні бүкіл елге тиеді. Осы орайда, Компания басшылығына, өтінішімізді жерге тастамай, көктем мезгілінде толассыз жауған жаңбырдан зардап шеккен спорт мектебіміздегі балалардың киіну бөлмелерін жөндеуден өткізіп берген «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына ерекше алғысымды білдіріп кеткім келеді.», - деп ағынан жарылды.

Қайырымдылық шараларына «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Б. Дусупов қатысып, балаларды мерекемен құттықтады.

Қашанда игі істердің басында жүретін жас мамандардың бір күні осылай өтті. Алда әлі талай қызықты жоспарлар, шаралар күтіп тұр. Мұнайшылар балаларына арналған шаралар да аз емес. Біз жетпеген биіктерге жетіп, жоғалғанымызды тауып, үзілгенімізді жалғайтын, ертеңгі күннің иесі, бүгінгі күннің базары мен бақыты – балаларымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасып ақ тұр! Балаларымыз аман болсын!



*Өлкетану*

# ТУҒАН ЖЕРДІҢ САМАЛЫ

362 әулиелі мекен саналатын қазыналы түбектің, талайларды таңқалдыратын киелі өлкеміздің терең тарихын білгіміз кеп, әруақты ата басына тәуәп етумен қатар, көрікті табиғатын тамашалау мақсатында өзіміз қызмет ететін сапа және жобаларды бақылау бөлім басшылығы мен кәсіподақ комитетіне өтініш жасаған едік. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдинов мырза бұл ұсынысымызды бірден қабыл алып, «Турист» компаниясы арқылы саяхат ұйымдастырып, қолдау көрсетті.

Мамырдың жайма шуақ күндері басталысымен-ақ, бөлім қызметкерлері Түпқараған ауданында орналасқан тамаша жерлерге ат басын бұрды.

Саяхатымыз Форт-Шевченко қаласындағы украин кобзарі - Тарас Шевченконың мұражайынан басталды. Украинаның ұлы ақыны 1850-1857 жылдары патша үкіметіне қарсы шыққаны үшін жер аударылып келіп, осы қалада тұрған. Көптеген жырлар жазып, тамаша суреттер салған. Өткен тарихтан сыр шертетін мұражайдың өзгеше безендірілген экспозициялары, ондағы қойылған әрбір экспонаттар және деректі қолжазбалар туралы мұражай қызметкерлерінен толық мағлұмат алып, әрі қарай жолға шықтық.



Кең далаға шыққасын Маңғыстау аймағына және одан да тысқары шет жерлерге атағы жайылған, бертінде туған өңірінде есімі сақталған XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір кешкен өлкенің аса көрнекті емші - сынықшы, көріпкел - болжампаз, данагөй би, шешені болған Саназар Мәмбетұлының қорымына соғып, құран бағыштадық. Саназар әулие сынып, жарақаттанып келгендерді, өзге де әрқилы ауру-сырқауларды қай мезгілде қашан келсе де қабақ шытпай қабылдай береді екен. Әсіресе, тылсым күш иесінің даналығын, қабілетін танытатын, жан, тән саулығын сақтаған, адамгершілік, имандылыққа толы қасиеттерімен қатар, оның ақ боз үйі науқастарды бай-кедейіне, кәрі-жасына қарамай қарсы алып отыратын шипалы орын болғандығы жайлы айтып берген қариялардың әңгімелері жанымызды рухани сусындатты.

Келесі бағыт бойынша – «Тамшалы» мәдени-демалыс аймағына бардық. Кәдімгі киіз үйге ұқсас дөңгелек кеуек үңгірдің тынымсыз себезгілеп, тамшы бүркіп тұратын, табиғаттың тамаша сыйы – Тамшалыдағы әсем сұлулықты сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сай бойындағы сыңсып өсіп тұрған тұт ағаштары бұл жердің ертеден елді мекен болғанын айғақтайтындай. Сай аяғында 20-ғасырдың 50-жылдарының бас кезінде таратылған балықшы ұжымшары үйлерінің қирандысы да сақталған екен.

Көркем табиғат, жусаны бұрқыраған туған өлке ауасымен тыныстаған, біздер, естелік суреттерге де түстік. Түс мезгілінде далалық асхана мәзірі ұсынған дастарханнан дәм татып, ауқаттанып, спорттық ойындар ойнадық. Ата басына зиярат етіп, бойымызға рухани күш жинаған біздер, биыл сан түрлі шөп өсіп, ерекше сұлу келбетке енген қырдың самалымен тыныстап, жусан иісі аңқыған ауасын бойға сіңіріп, жанымызға мол әсер түйдік. Бұл демалыс – қасиетті рамазан айының алдында біздің рухымызды көтеріп, жаңа жұмыс күніне деген құлшыныстарымызды арттырып, жаңа серпін берді.

Сөз соңында, осындай тағылымды, ұмытылмас әсері көп қызықты сапарымызға ұйытқы болған - кәсіподақ бірлестігіне, басшылыққа, сондай-ақ демалыс туралы үндеу тастаған аға әріптестерімізге айтар алғысымыз шексіз.

**А. Мұханова,**
**сапа және жобаларды**
**басқару бөлімінің аудармашысы**

*Компания тынысы*

# АПАТТЫ ЖОЮ ЖОСПАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Жақында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №1 мұнай-газ өндіру цехында 2016 жылға арналған жоспарға сай апатқа қарсы оқу жаттығу өткізілді.**

Жаттығуда Қазақстан Республикасы **«Азаматтық қорғану»** заңындағы нысандарда болатын апатты жою жоспарын тиімді пайдаланылып бақылау мақсаты қойылды.



«15-ші топтық қондырғы (ТҚ) 4187-ші ұңғы сағасындағы фланец жалғанған аралығынан шартты мұнай аралас сұйықтың ағуына байланысты, осы ұңғының технологиялық режимі мен, әрі қарай жұмысын жалғастыруға болмайтындығы» тақырыбындағы жаттығуда апатты анықтау, алдын алу, төтенше штаб құру, тербелмелі қондырғыны автоматтық режимнен қолмен басқаруға көшіру, апаттың орын алғандығы туралы дабыл, өрт қауіпсіздігі, медициналық көмек шаралары бойынша жұмысшылар қоян-қолтық жұмыс жасап, кәсіби шеберліктерін сынға салды. Цех қызметкерлерінің апатты жою жұмысын шұғыл түрде ұйымдастыруына байланысты, ұңғы сағасындағы апат жойылды. Жаттығу мамандардың тиянақты дайындығын, ұйымдастыру шеберлігінің талапқа сай екендігін көрсетті.

**И. Исембаев,**
**техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қоршаған ортаны қорғау департаменті маманы**

# СЕНБІЛІК АПТАЛАРЫ



Табиғат – Ана. Оны аялау, таза ұстау әр адамның басты парыздарының бірі. Сонау Кеңес Одағынан жақсы үрдіске айналып өзіндік құндылығын жоғалтпай, жалғасын тауып келе жатқан ізгі қызметтің бірі - сенбілік. Шуағын шашып көктем келіп, Жер-Ана көктеп жаңарған уақытта адам баласы да қыстың қысқан сәттерін артқа тастап, бой жазып көктеммен бірге жаңаруы табиғи құбылыс.

Біздің Жетібаймұнайгаз ұжымының сәуір-мамыр айларында сенбілік ұйымдастырып, ол сенбілікке бір адамдай қатысқаны қуантарлық жағдай. Сенбілікке құрал-саймандарын сай қылып, ерекше көңіл күймен өндіріс аймағының жан-жағын қоқыстан тазартып, саябақтағы ағаш түптерін қопсытып, әктеп, шарбақтардың іші-сыртын сырлап жаңартты. Алғашқыда жұмыс көлемі көп сияқты болып көрінгенімен, бәріміз жұмылып, қолымызға күрек пен сыпырғыш алып кірiскенде, біраз жұмыс тындырылды. Ұйымшылдықпен басталған жұмыс жақсы нәтижемен аяқталды.

**Г.Сабалақова,**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ әкімшілігі**

# «Донор-50» акциясы

Жетібай кенорнында мұнай көзі ашылған тарихи оқиғаға 55 жыл және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығы шеңберіндегі шаралар тағы бір игі іспен жалғасты. Маусым айының 1-ші жұлдызында компания жас мамандар Кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Донор-50» акциясына әріптестер қуана үн қосты.

«Адам болғаннан кейін мұқтаж жандарға көмек қолын созу азаматтық міндет. Бір тамшы қанның өзі адам өмірін құтқарып қала алады. Өмір болғасын сан түрлі келеңсіз жағдайлар кездесіп жатады. Қауіп аяқ астында. Көмек қолын созу кісіліктің белгісі. Біз өзгенің өміріне бейжай қарамайтын адамдарды қан тапсыруға шақырамыз» - деді ұйымдастырушы жастар.

Акция «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас ғимаратында өтті. Оған қатысушылар жастар бастамасын қолдап, белсенділік танытты.

- Тап осы сәтте әлдекімнің мұқтаждыққа душар болып жатуы мүмкін ғой. Сондықтан ерікті түрде мен де қан тапсырамын. Әріптестерімді келе жатқан атаулы мерекемен құттықтап, еңбектеріне жеміс тілеймін, - деді алғаш болып қан тапсырған әкімшілік мәселелер жіне әлеуметтік даму департаментінің дизайнері Айгүл Бекбаева.

- Осындай шара жиі өткізіліп тұрса жақсы болар еді, - деп ниетін білдірді автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің инжинер-бағдарламалаушысы Гаухар Сүйеуова.

Облыстық қан құю Орталығының мобильді оперативті бригадасы жоғары деңгейде тынбай қызмет көрсетті. Екі күнде 35 донордан 12 литрге жуық қан жиналды.

Акция аясында адам жанына араша болу ниетімен қан тапсырған әріптестерге алғыс шексіз.

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# «СІЗДЕР СЫЙҒА ТАРТҚАН БЕЙБІТ ҒҰМЫР»







«Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы компаниялар тобында КМГ Жастар кеңесінің бастамасы бойынша өткізілген «Сіздер сыйға тартқан бейбіт ғұмыр» қайырымдылық акциясы «Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлері тарапынан жылы қабылданып, қолдау тапты. Акция барысында мекеме қызметкерлері 1 238 400 теңге қаржы жинады.

Қызметкерлер Ақтау қалалық ардагерлер қоғамына хабарласып, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің тізімі бойынша 7 ардагерге сыйлық таратты. Әр ардагерге Алғыс хат дайындалып, қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді. Қалған қаржы ардагерлердің Республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтау қалалық филиалы қорына аударылды.

# ОСК МЕКЕМЕСІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



«Тон – жағасыз болмас, ел ағасыз болмас» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек. Қай заманда болмасын елдің ағасы болған, елі құрмет тұтқан ақсақалдарымыздың еңбегі кейінгі буынға үлгі, ақыл-кеңесі құнды. Даралар да, қаралар да, даналар да қонақ болып өтетін мына дүниеде әркім өз өмір соқпағын өзі сомдайды. Оның мәнді де сәнді, мағыналы да мазмұнды болуы сол өмір иесінің қарымы мен қасиетіне байланысты. Байырғы мұнайшыларымыздың еткен еңбектері соның айқын дәлелі. Іздерін басқан жас шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде мұнайшы – ұстаздардың еңбегі зор.

«Oil Services Company» серіктестіктен зейнеткерлікке шыққан қызметкерлермен мерекелік кездесу ұйымдастырды. Талай жылдар бойы тапжылмай еліміздің экономикасын арттыру жолында еңбек етіп, бүгінде еткен еңбегінің жемісін көріп отырған ардагерлеріміз кездесу дастарханына қуанышпен келді. Зейнеткерлер бір - бірімен құшақ жая көрісіп, шүйіркелесіп жатты. Салтанатты кешті Серіктестік директоры Бауыржан Батырғалиев ашып, мұнай газ саласындағы адал еңбектері үшін ардагер зейнеткерлерге ақжарма тілек, алғаусыз алғысын айтты.

Байзуллаев Амангелді, Тоқбаев Қалмұхан, Шарипова Сауле, Боранбаева Үміт ақ дастархан басында әсем ән шырқап, мұнайшы зейнеткерлер атынан мекеме басшыларына өздерінің ризашылықтарын білдіріп, сый-сияпаттарын алып, кеш соңында естелік суретке түсіп тарады.

**А. Алдабергенова**
**«Oil Services Company»ЖШС, ӘСБ инженері**

# СОҒЫС АРДАГЕРІНЕ ШЕПТІК КӨМЕК



Тарихтың ақтаңдақ беттерінде алтын әріптермен жазылған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толуына орай, 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесі қарсаңында «Мұнайтелеком» ЖШС жұмыскерлері серіктестіктің шептік қамқорлығындағы соғыс ардагері Базарбаев Сәуірбай атамызбен кездесу ұйымдастыруды жылдағы әдетке айналдырған.

Биылғы жылы да атамыздың үйіне барып сәлем беріп, мерекемен құттықтап кездесу ұйымдастырылды. Шарада соғыс ардагері Сәуірбай ата



бал дәурен балалығы мен жалындаған жастығын сұм соғыс ұрлағаны туралы, ауыр да болса сол зұлматты жылдардың ауыртпалығын үлкендермен бірге бөліскені туралы әңгімеледі. Сәуірбай атамыз 1925 жылы дүниеге келген, әкесі Әжібек ақсақалдың зергерлік кәсіппен айналысып, ұсталық етіп, ер жасаған шеберлік құрған тәрбиесімен өскен ол 1929-31 жылдар аралығындағы ашаршылық жылдарды да артқа тастайды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғаннан соң ол 1943 жылдың наурыз айында 18-ге толар толмастан отан қорғау үшін майданға аттанады. Тотани, Колгубан лагерлерінде өзі секілді майдандастарымен бірге соғыс құралдарын қолдану, тынымсыз жаттықтырулар жасап, әскери дайындықтан өтеді.

Сәуірбай Базарбаев өзі құрамында болған полктың кескілескен ұрыс даласында қан кешкен жылдарын, Быроcлавл, Варшава, Калиниград қалаларын алуға қатынасып, оларды неміс фашистерінен азат ету оңайлықпен келмегенін жүрегіне ауыр да болса, еске алды. Ел басына күн туғанда азаттықтың ақ таңына ұмтылған майдангер арманы орындалды. Сәуірбай атамыз майданнан бейбіт елге оралып, еңбекке араласып, бүгінде әулеті кеңге жайылып, ұл-қыз, немере-шөберелерін қызықтап отырған ардақты ата.

Бұл кездесу біздің «Мұнайтелеком» жұмыскерлеріне, әсіресе жастар санасында жаңа бір серпіліс пен асқақ рухтың орын алатынына кепіл болатын өнегелі шара десе артық айтқандық болмас.

Жеңіс күні мерекесіне орай Сәуірбай ақсақалға, әңгімесін аса ілтипатпен тыңдаған жұмыскерлер, ардагерлеріміздің құрметіне деген тағзымын, оған «Алғыс хат» табыс ету арқылы танытты.

Кездесу соңында Серіктестігіміздің әкімшілігі атынан, Жастар кеңесі атынан, «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымы атынан ардагерге алғыс айтылып, гүл шоғы, ақшалай және бағалы сыйлықтар, азық-түліктер табыс етілді.

**Құлмұрынова Б.Қ.**
**«Мұнайтелеком» ЖШС**

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Шеберді шеге қағысынан таны*

# Ауа да баптауды қажет етеді



Облыстағы құрылыс саласында өз орны бар «Oil Construction Company» ЖШС-нің кен орындарда және Ақтау қаласында орналасқан бірқалыпты өндірістік қызметті ұйымдастыруға қажетті барлық керекті жабдық, механизм және шеберханалармен қамтылған өзінің меншікті өндірістік базалары бар.

Бүгін әңгімеміз Өндірістік қамтамасыз ету базасының құрамына кіретін Жөндеу-дайындау телімі туралы болмақ. Бұл телім жұмысының негізгі мақсаты – кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қажеттіліктеріне жеделқабыл көмекке келіп, жоғары сапалы дайындама және бұйымдармен қамтамасыз ету, тапсырыстарды орындау, жабдықтарға мейлінше аз шығынмен техникалық қызмет



көрсету және жөндеу жүргізу. Жөндеу-дайындау телімінде пісіру цехы, токарлық цех, оқшаулау және желдеткіштер цехы, жабдық және әртүрлі материалдар жинайтын қойма жұмыс істейді.

Компания көп жылдан бері облыс аумағындағы мұнай кәсіпорындарындағы әзірлеу және дайындауісіндегі бірден-бір сенімді және үлгілі деп танылған ұжым. Бұл 53 адамнан тұратын жөндеу-дайындау телімінің электргазбен пісіруші, жөндеуші-слесар, токар, металл бұйымдарды жиынтықтаушы, желдету жүйелерінің инженері, желдету жүйелерінің монтажшылары, оқшаулаушылар сияқты мамандары еңбегінің жемісі.

Осы телімді көп жылдан бері абыроймен басқарып келе жатқан Виталий Мирошниченко:

- Сан-алуан күрделі металл құрылмаларын, қалыңдығы 0,55 мм мырышталған болаттан жылуоқшаулауға арналған дайындамалар жасаймыз, жабдықтарды жөндеуде токарлық, пісіру, слесарлық жұмыстарды атқарамыз, сондай-ақ желдету жүйелерін жасап, монтаждаймыз. Желдету жүйелері – жайлар мен белгілі бір телімдегі микроклимат пен ауаның тазалығын арнаулы метеорологиялық параметрлерге сай қамтамасыз ету үшін ауаны өңдеу, тасымалдау, шығару және беруге арналған қондырғылардың жиынтығы. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кенорнында орналасқан «Сығымдауыш құбыр және тереңдік сораптарды сақтау, жөндеу базасы», «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ цехтарына арналған себезгі қондырғылары», «ГЭТС жанындағы зертхана», Жетібай кен орнында орналасқан «Мұнай кәсіпшілігі жабдығын күрделі жөндеу цехының сервистік бригадасына арналған тірек пункт», «Асхана» және Ақтау қаласында орналасқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ емханасының кеміргіштерді жою зертханасы» сияқты нысандарындағы желдету жүйелері дайындалып, монтаждалды. Желдету жүйелерінде қолданылатын ауа арналар мен пішінді бөліктерді дайындау және жылу-оқшаулау үшін дайындамаларды жасайтын оқшаулау цехы бар. Цех бригадасы құрамында аға шебер Валяддин Байрамов, Фахрадин Байрамов, Рахат Жолболдиев, Ербол Байбозов, Руслан Гудаев, Мұхамбет Қаржаубаев, Батдал Халимов, Бақтығали Шағанов сияқты білікті оқшаулаушылар және Жұмажан Кенжебаев, Кетебай Нұрбауловтардай желдету жүйесін монтаждаушылар, ілмектеуші Мақсат Байжігітов жұмыс істейді. Олар инженер Рустам Казьминнің басшылығымен оймақ пішсе де ойлап пішетін ісмерлер тәрізді желдету жобасын нысанның нақты өлшемдері мен жайлардың орналасуымен салыстыра отырып, егжей-тегжейлі ойластырады, желдету жабдығының жоба көрсеткіштері мен жиынтыққа сәйкестігін тексереді. Содан кейін ауаарналар, пішінді бөліктерді (бұру, өтпе, кронштейн және т.б.) және жалғастырғыш тетіктерді (ернемек және т.б.) жасауға кіріседі, осы жұмыстармен қатар тікелей тапсырыс берушінің нысанында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін логистика және қауіпсіздік техникасы бойынша барлық шаралар жүзеге асырылады. Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін бригада желдету жүйесін монтаждау үшін құрылыс нысанына барады. Жұмыстың барлығы қолданыстағы стандарттар мен құрылыс нормаларына сай берілген атқару-техникалық құжаттама және желдету жүйелерінің төлқұжаттары бойынша жүргізіледі», - деп телім жұмысы туралы айта беруге дайындығын көрсетті.

Сен істі сүйсең, іс саған бас иетіндігін білетін Рустам Казьмин кәсібін үздік меңгерген, табыс биіктерін бағындырып жүрген телімнің кейбір қызметкерлеріне жеке тоқталғанды жөн көрді. Өйткені қандай кәсіп болса да адам факторы маңызды рөл атқарады.

Ісін сүйген, көп жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қызметкерлер ішінде Мұхамбет Қаржаубаевтың орны ерекше. Оның компанияда жұмыс істегеніне де 15 жыл болыпты. 2014 жылы «Өз ісінің үздік маманы» байқауында жүлде алған ол бірнеше рет мекеме басшылығының марапатына ие болды. Ол өзінің белсенді азаматтық көзқарасымен, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын ұйымдастырудағы еңбегімен көзге түседі. «ОСС» ЖШС қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің цех комитетіне жетекшілік етеді. Облысымыздағы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің волейбол, баскетбол ардагер командаларының белді мүшесі, серіктестік командалары құрамында да облыс көлемінде ұйымдастырылған спорттық шаралардың барлығының ортасынан табылады. Өмірлік жары Шынармен үлгілі отбасын құрып, төрт баланы тәрбиелеп отырған азамат.

Рахат Жолболдиевтің серіктестікте оқшаулаушы болып жұмыс істегеніне 10 жылдай уақыт болған. Төрт бала тәрбиелеп отырған Рахат пен Қарлығаш отбасында анасы Мәдина мен кішкентайынан өмірдің қатаң сынына душар болған бауырын да қамқорлыққа алып, жан шуағына шомылдырып отыр. Рахаттың екпінді еңбегі басшылық тарапынан жақсы бағасын алып келеді.

Өзінің үлкен азаматшылық келбетімен жүрген ортасында орны бөлек Бақтығали Шағанов осы базада көптен табысты еңбек етіп келеді. Қолың ұста болсын, сөзің қысқа болсын деген сөздің мәнін оған қарап түсінгендейсің. Өз ісінің қыр-сырын жетік меңгерген, еңбек тәртібін қатаң сақтап, берілген өндірістік тапсырманы орындауға күш-жігерін аямайтын осы қарапайым жігіт құдай қосқан қосағы Дариғамен қара шаңыраққа ие болып, анасы Жеткізгеннің алғысын алып, төрт бала өсіріп отыр.

«Өз ісінің үздік маманы» байқауында жүлделі 2-орынды иеленген Мақсат Байжігітовтің еңбегі көпке үлгі және компания дамуына қосқан үлесі мен адал еңбегі үшін бірнеше рет марапатқа ие болып жүр. Жеке өмірінде үлгілі отағасы, жақсы әке бола білген Мақсат зайыбы Зылихамен бірге үш ұл тәрбиелеп отыр.

Осындай сегіз қырлы бір сырлы жігіттер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек ететін сүттей ұйып отырған ұжымға алдағы уақытта да құрылыс өндірісінде өте қажетті кәсіпте табыс көзі сарқылмасын, әр отбасы ошағының басында береке, шаттық және бақыт мәңгіге орын тепкей деп тілейміз.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

*Ішкі коммуникация*

### «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС бірінші басшысының және бөлім жетекшілерінің жұмыскерлермен 2016 жылға кездесулер КЕСТЕСІ

| № | Бөлім аттары | Жетекшінің аты, жөні, тегі | Өткізілетін уақыты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I тоқсан | II тоқсан | III тоқсан | IV тоқсан |
| I | "МЭМ" ЖШС | | | | | |
| 1 | Жетыбай к/о | Когашев Бегим Абишевич - директор | 18.02.2016 | | 18.08.2016 | |
| 2 | Каламкас к/о | | 29.02.2016 | | 23.08.2016 | |
| 3 | г.Актау | | 25.02.2015 | | 25.08.2016 | |
| II | "Каламкас" к/о | | | | | |
| 1 | ӨЭҚ-1 "Каламкас" | Жапаров Гилман Улукпанович | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 2 | ӨҚ "ГТЭС" | Жусупов Олжас Умирович | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 3 | АжСРҚҚ | Жентров Серик | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 4 | ЭХТҚҚЦ | Кушеров Алибек Шарапатович | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 5 | МжКЦ | Туманбай Сергей | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 6 | ҚҒПУ | Наурызбаев Руслан Адилханович | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| 7 | ҚТ | Аубакиров Серик | 13.01.2016 | 13.04.2016 | 13.07.2016 | 23.11.2016 |
| III | "Жетыбай" к/о | | | | | |
| 1 | ӨЭҚ-2 "Жетыбай" | Кемежан Толеп Нурлыбекович | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| 2 | АжСРҚҚ | Жентров Серик | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| 3 | ЭХТҚҚЦ | Кушеров Алибек Шарапатович | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| 4 | МжКЦ | Туманбай Сергей | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| 5 | ҚҒПУ | Наурызбаев Руслан Адилханович | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| 6 | ҚТ | Аубакиров Серик | 28.01.2016 | 21.04.2016 | 21.07.2016 | 17.11.2016 |
| IV | г.Актау | | | | | |
| 1 | "Актау" ӨЭУ | Оразов Галымжан Жусипкалиевич | 29.01.2016 | 22.04.2016 | 22.07.2016 | 18.11.2016 |

### «Жұмыс берушінің», МЭМ ЖШС жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ төрағасымен және Жастар жөніндегі Кеңес төрағасымен кездесу КЕСТЕСІ

| № | Бөлім аттары | Жетекшінің аты, жөні, тегі | Өткізілетін уақыты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I тоқсан | II тоқсан | III тоқсан | IV тоқсан |
| 1 | «Жұмыс берушінің», МЭМ ЖШС жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ төрағасымен кездесу, соның ішінде: | Когашев Б.А., Оразов Г.Ж. | 25.02.16г. | 22.04.16г. | 28.07.16г. | 25.11.16г. |
| 1.1. | Ұжымдық шарттың орындалуы | | | | | |
| 1.2. | Ұжымдық шартта қаралған әлеуметтік жеңілдіктердің және өтемдердің орындалуы | | | | | |
| 2 | Жастар жөніндегі Кеңес төрағасымен кездесу және жаңа жетістіктер мен Жастар саясатын дәріптеу, болашақтағы жоспарлар туралы | Косбаев Н.Р., Шыныбаев Ш.М. | 29.02.16г. | 26.04.16г. | 29.07.16г. | 29.11.16г. |

### «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС директорының және директор орынбасарларының жеке шаруалар бойынша қызметкерлерді қабылдау КЕСТЕСІ

| Р/н | Аты-жөні | Лауазымы | Уақыты | Жауапты тұлға, телефон номері, электрондық пошта |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қоғашев Бегім Әбішұлы** | Серіктестік Директоры | Дүйсенбі 16.00-17.00 | *Құлекешов Нұрдаулет Язбаевич Тел: 211-370 mem_sag@mail.ru* <br> *Нұрболатова Сағдат (қабылдау бөлмесі) Тел: 211-430; факс: 211-468 info@mem.llp.kz* |
| 2 | **Биғалиев Қуанбек Шәкірұлы** | Өндіріс бойынша директордың орынбасары | Сәрсенбі 16.00-17.00 | |
| 3 | **Қосбаев Нұрдаулет Рахымұлы** | Директордың орынбасары (болашақты болжау және әлеуметтік сұрақтар жөнінде) | Жұма 16.00-17.00 | |
| 4 | **Оразов Ғалымжан Жүсіпқалиұлы** | «МЭМ» ЖШС «Қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы | Бейсенбі 16.00-17.00 | |

*Өнерлі өрге жүзер*

# Жас маманның жұлдызын жаққан «Жайдарман»



Мамыр айының 21-жұлдызы күні облыс орталығындағы Абай атындағы мәдениет сарайында Маңғыстау облысы кәсіподақтар орталығы төрағасының Кубогі үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қазақстан кәсіподақтар күніне арналған жайдарман ойындары өтті. Әдетте оқушы-студент жастардың арасында өтетін көңілді тапқырлар сайысы бұ жолы өзгеше реңк алып, жас мамандар мен жас кәсіподақ мүшелері арасында өтті.

Тек өңірімізде ғана емес, жалпы республика деңгейінде жас мамандар арасында алғаш рет өтіп отырған ойынға әртүрлі саланың намысын қорғаған 9 команда қатысып, атап айтсақ – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының, «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының, «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы Маңғыстау облыстық филиалының, «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің командалары және «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық филиалы атынан шыққан Маңғыстау политехникалық колледжінің «МПТК.kz» командасы, сондай-ақ, «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық филиалының, Маңғыстау гуманитарлық колледжінің, «Жас Отан» жастар қанаты Маңғыстау облыстық филиалының командалары әзілмен бақ сынасты. Көңілді кешті Қазақстан КВН одағының президенті, бүгінде есімі «Жайдарман» атауымен біртұтас болып кеткен Есен Елеукен жүргізді.

Қатысушылардың басым бөлігі жайдарманға алғаш қатысып тұрғанына қарамастан, әзілдері көпшіліктің көңілінен шығып, қошаметіне ұласып жатты. Күнделікті күйбең тіршілікті әзілмен ұштастырып, жұртшылық назарына шебер жеткізе білген жас мамандар қоғамдағы шешімін таппай жүрген мәселелерді де шеткері қалдырмады. Мысалға, «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жастары өңіріміздегі газ мәселесін әзілдеріне қосса, жаңаөзендік «Мұнай тамшылары» телесериалдардың бала тәрбиесіне ықпалы туралы әзіл айтып, көрермен қауымын күлкіге қарық қылды.

Жалын атқан жас өнерпаздардың өнерін бағалау құрметіне Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Бану Ғаниқызы Нұрғазиева, Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Қайрат Құттыбайұлы Жанабеков, «Маңғыстау-Медиа» ЖШС директоры Дархан Уәлиханұлы Уәлиханов, «Жайдарман» ойындарының бас редакторы Рүстем Ельжанов пен облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бастығы Аманғали Нұрдәулетовтер ие болды. Қазылардың қабылдаған шешімі бойынша Маңғыстау облысы кәсіподақтар орталығы төрағасының Кубогі мен 100 мың теңгелік қаржылай сыйлық жаңаөзендік «Мұнай тамшыларының» қанжығасына байланды. Ал екінші орын мен 70 мың теңге көлеміндегі сыйлық «Қаражанбасмұнай» АҚ командасына, үшінші мәртебелі орын мен 50 мың теңгелік сыйақы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастарына бұйырды. Бәсекеге түскен басқа командаларға алғыс хаттар табысталып, «Үздік ойыншы» номинациясын жеңіп алған «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облыстық филиалының «Адреналин» командасының ойыншысы Азамат Наурузовқа арнайы диплом табысталды.

Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын кезекті жеңісімен құттықтай отырып, екі сағатқа созылған әзіл додасының өтуіне мұрындық болған Маңғыстау облысы әкімдігіне, Маңғыстау облысы кәсіподақтар орталығына, «Келешек» кәсіподақ жастар қанатына, сондай-ақ, командамыздың сахна төрінде өнер көрсетуіне жан-жақты қолдау көрсеткен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігіне шексіз алғысымызды білдіреміз.

**Ғани Әбдісадық,**
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» ҚБ жанындағы жастар ісі жөніндегі комиссия төрағасы

# ӨНЕР ТАРЛАНДАРЫ - ҚАЛАМҚАСТА



13-мамыр күні Қаламқас кенорнында Домбыра кешінің 1-жылдығы өтті.

Ел іші – өнер кеніші. Қым-қуыт тіршілікпен шығармашылықтан қол үзіп, өндірістің қазанында қайнап жүрген қаншама өнерпаздар бар. Осыларды насихаттау, ұлттық рухани құндылықтарымызды дәріптеу мақсатындағы игі шара дәстүрге айналды деп айтуға толық негіз бар. Домбыра патидың Қаламқаста тұрақты түрде өтуіне жанын салып жүрген Жас Мамандар кеңесінің мүшелері Еділ Бекмұрат, Райымбек Түзеловті айтпай кетуге болмас. Алыстан ат терлетіп келген республикаға танымал облысымыздың дуалы ауыз, арқалы ақындары мен жыршылары осы кешке әдейілеп келуі шығармашылық кешке шырай берді. Атап айтар болсақ, айтыскер ақын Нұрлан Мұсаев, Маңғыстау әзілдерін жинақтаушы, балалар жазушысы Ерекен Қорабаев, бард- әнші, сазгер Табылды Досымовтың ізін жалғастырушы Айгүл Құбаш, жас ақын Жұмагүл Мұрсалова, күйші Нұрхат Қалықовта бар. Осы кеште күй де күмбірледі, ән де әуеледі, жыр да тыңдалды. Осы сәтте дүркін-дүркін соғылған шапалақ, өнерпаздарға көрсетілген құрмет пен ыстық ықыластың шегі жоқ. Нұрсерік Өскінбаев, Серік Өрбісінов, Бисенбай Қолдасбаев, Мафу Дүйсенбай, Сәндібек Сариев, Рая Батырова, Айбек Жұрымбаевтардың өнері де көпшілікті бір серпілтіп тастады. Ақыны мен жезтаңдай әншісін сағынған мұнайшы қауым орнынан тапжылмай үш сағат отырса да қайтуға асықпады. Жыр десе желігіп, айтыс десе арқасы қоза түсетін қазақ Нұрлан Мұсаевтан қайта-қайта айтыстан үзінділер сұраумен болды. "Халық қаласа хан түйесін сояды" демекші, сахна төрінде әдемі айтыс жасаған Ақынның қағытпасы жұрттың жанын жадыратып, желіктіре түсті. "Мынау лық толы залды көріп, мұнайшыларға таңданып тұрмын. Қаламқаста рух жоқ емес, бар екен",- деген Нұрлан Мұсаевтың сөзі, сезімі сергек талай қазақтың намысын қамшылары сөзсіз. Рас, алып шахарды қазақы рух тастап кетпепті. Оны осы кеш көрсетті. "Қазақы қалжың, ән мен жырға сусап жүр- ек, бүгінгі кеш сағынышымызды басып, сусынымызды қандырғандай марқайып тұрмыз",- дейді мұнайшылар. Кеш соңында "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының бастығы Нұрпейіс Сәрсенбай және әлеуметтік бөлім бастығы Жалғас Сабыртаев сөз сөйлеп, келген қонақтарға мұнайшылар атынан арнайы алғысын айтып, рухани кештің еселі естеліктері естерінен кетпейтінін жеткізді.

Мұнайшылар қалашығын әнмен әлдейлейтін әсем кештер көп болсын. Қара алтын қазып жүрген Қаламқастықтардың қазыналы, мағыналы күндері көбейсін.

**Жаннат Кемал**

*Спорт - денсаулық кепілі*

# ЖЕТІБАЙЛЫҚТАР БӘСЕКЕСІ



Дені саудың - жаны сау. Спортпен айналысу, оған ерекше көңіл бөлу әр адамның басты парызы болуы тиіс. Бүгінгі таңда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында салауатты өмір салты бағыты дұрыс жолға қойылған деуге болады. Күнделікті еңбек етумен қатар, жұмысшылардың жұмыстан тыс уақыттарында спортпен айналысуына мүмкіндіктер жасалған. Оған дәлел - жұмысшылардың жыл бойы барлық мерекелік шараларға орай өтетін спорттық жарыстарға белсенді қатысуы. Сонымен қатар облыс, аудан көлемінде өткізілетін жарыстарға қатысып жүлделі орындар алып жүрген қызметкерлерімізді - теннистен облыстық жарыстың жүлдегері Бекес Құлмұрыновты, әйелдер арасында волейболдан ауданаралық жарыстың жүлдегерлері Гүлнар Сабалақова, Көркем Жанет, Әсем Балмухановаңы т.б. айтуға болады. Сондай жарыстардың бірі - осы мамыр айында Отан қорғаушылар күні мен Ұлы жеңістің 71 жылдығына арналған шағын футбол, теннис, волейбол, дойбыдан өткен спорттық сайыстар.

Шағын футбол жарысы Жетібай кентіндегі «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен салынған спорттық кешенде өтті. Ол жарысқа «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты тоғыз цехтың командалары қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Б. Дусупов пен кәсіподақ төрағасы Т.Мысамбаев жарысқа қатысушыларды құттықтап, жарысты ашып берді. Өз ара бәсекеде бірінші орынды қабат қысымын ұстау цехы командасы жеңіп алды. Олардың құрамында Н.Едилов, Д. Абилов, Қ. Куанышбаев, Д. Ақшаев, Тұрар Қожа, Е.Кульчабаев, К. Жарылғасов, Абылай Бекмұрза, А. Қаракушиков болды. Екінші орынды №1 мұнай және газ өндіру цехы командасы, үшінші орынды мұнай айдау және өткізу цехының командасы иеленді.

Волейбол жарысының ашылу салтанатын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Жолдасбек Ешманов ашып, волейболшыларға жарыста жеңіс тілеп, алдағы күндері спортқа ерекше көңіл бөлінетініне тоқталып өтті. Алты цех командалары өзара сынға түсіп, бірінші орынды құрамында Ж. Құлмұрынов, Е. Беглембетов, М. Иманғалиев, Б. Отаров, М. Атшаев, Е. Оразалиев, А. Нұралы, У. Халжанов ойнаған №3 мұнай және газ өндіру цехы командасы жеңіп алды. Екінші орынды №1 мұнай және газ өндіру цехы, үшінші орынды №2 мұнай және газ өндіру цехы өз ара бөлісті.

Дойбы жарысы да тартысты өтіп қатысқан он бір ойыншыдан бірінші орынды Айсәуле Сүйжанова, екінші орынды Тазагүл Төлейжанова, үшінші орынды Айман Төлембетова алды.

Теннис жарысында сынға түскендерден топ жарғандар қатарында бірінші орын алған Б. Құлмұрынов, екінші орын Б. Төребек, үшінші орын алған Ж. Алманов болды.

Барлық жарыстарда жүлделі орын алған командалар грамота, кубоктармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Мерекеге арналған спорттық шаралардың қай-қайсыда өз деңгейінде өтті. Осы үрдісті алдағы уақытта да жалғастырып, әр жұмысшының салауатты өмір салтына өзіндік үлес қосып, спортпен айналысуына әкімшілік, кәсіподақ тараптарынан барлық жағдай жасалатын болады. Спорттық шараның өтуіне ат салысып, демеушілік көрсеткен кәсіподақ ұйымына алғысымызды білдіреміз.

**Ж.С. Оразмағамбетова,**
**«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының әкімшілігі**

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасы, кәсіподақ ұйымы мен компания ұжымы
«Қаламқас» өндірістік басқармасының 5-ші дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы
**Апақаев Қобыландының**
қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.
Марқұмның жаны жаннатта, иманы жолдасы болсын!




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500